

ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінің» мектепшілік бақылау жоспары бойынша мектеп асханасының материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайын қадағалау мен тексеріс қорытындысы.

Қадағалау өткен күн: 31.08.2021 жыл

Қатысқандар:

1. Малибеков Н.И.
2. Кузенбаев Ш.
3. Гусейнов А.А.

Мақсаты: материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайын қадағалау.

Мектеп комиссиясының қадағалауы мен тексерісі барысында төмендегідей жағдайлар анықталды.

«SilkWay мектеп-лицейі» асханасының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында 31 тамыз күні асханаға әкімшілік тарапынан тексеріс өтті.

Мектеп асханасы санитарлық талаптардың, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне дайын. Асхана қызметкерлері медициналық бақылаудан өткен, санитарлық кітапшалары реттелген, арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Тексеру кезінде шикі тағам сақтайтын бөлмелердің тазалықтары, азық-түліктердің сақталу мерзімінің дұрыстығы, сүт, май, ет тағамдарының тоңазытқышта сақталу жайы да тексерілді.

Оқушылардың қол жууына, қол кептіруіне жағдай жасалынған.

Мектеп комиссияның тексеруі кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың тізімі (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге) мектеп асханасында анықталған жоқ.

-Асханада тыйым салынған тағамдар тізімі бар.

-Тамақ мәзірі бойынша барлық талаптар сақталған. Аспазшылардың медициналық тексерістен өткен кітапшалары бар.

-Тамақтанатын ыдыстар таза, ыдыс жуатын орындар талапқа сай орнатылған.

-Тамақтың дайындалуына жауапты адамдардың арнайы білімдері бар.

-Тамақтарды сақтау бойынша арнайы тоңазытқыштар мен жеке қойма орындардың бар екені анықталды.

-Алынған тағамдардың барлығының сақталу мерзімі көрсетілген.

Шешімі:

1. Мектеп асханасының материалдық жабдығы мен қауіпсіздік және санитарлық жағдайы өз деңгейінде деп танылсын.

2. Күнделікті дайын тамақтың сапасын бақылау комиссиясының жұмысы ары қарай жалғасын тапсын.

3. Сынып жетекшілер асханада оқушыларды өзін қалай ұстау керек туралы сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс.

Комиссия төрағасы:

Н.И.Малибеков